



SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

“БЕКІТЕМІН”



Әлеуметтік және тәрбие істері
жөніндегі проректор
Байғұтова А.М.

2021 ж.

**2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ
КӘСІПТІК БАҒДАР ЖӘНЕ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Шымкент 2021

2020-2021 оқу жылындағы Кәсіптік бағдар және мансап орталығының түлектерді жұмыспен қамту, кәсіби бағдар беру жоспарларын жүзеге асыру мақсатында атқарылған жұмыстары

Кәсіптік бағдар және мансап орталығының 2020-2021 оқу жылында жүргізілетін жұмыстарының жоспары бекітілген болатын.

№	Орындалатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1	Орталықтың жана оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек, 2020 ж.	Орталық басшысы	Орталықтың жұмыс жылдық жоспары
2	Орталық құжаттарын кезекті аккредитациялық тексеруге дайындау.	Қыркүйек, 2020 ж.	Орталық басшысы, факультет декандары, кафедра меңгерушілері	Аккредитациядан сәтті өту
3	Орталықта атқарылатын жұмыстарға жауапты тұлғаларды тағайындау.	Қазан, 2020 ж.	Орталық басшысы, факультет декандары, кафедра меңгерушілері	Жауаптылар тізімінің бекітілген нұсқасы
4	Кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша Шымкент қаласындағы, Түркістан облысындағы білім беру мекемелеріне жауапты құрылымдарды бөлу және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді қадағалау.	Қазан, 2020 ж.	Факультет декандары, кафедра меңгерушілері	Жұмыс тобы мен мекемелер тізімі
5	2020-2021 оқу жылынды бітіретін түлектердің толық құжаттамаларын әзірлеу.	Қазан, 2020 ж.	Кафедра меңгерушілері	Бітіруші түлектер портфолиосы
6	Бітіруші түлектер Қауымдастығының (Ассоциациясы) ережесін бекіту	Қыркүйек, 2020	Орталық басшысы	Ереже
7	ОҚМПУ бітіруші түлектер Қауымдастығының (Ассоциациясы) тізімін жаңарту	Қазан, 2020	Орталық мамандары	Тізім
8	Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша Түркістан облысы Білім басқармасы, Шымкент қаласы Білім басқармасы және оңтүстік өңірдегі барлық білім беру мекемелері басшыларының қатысуымен	Қараша 2020 ж.	Проректорлар, Факультет декандары, Кафедра меңгерушілері, Орталық басшысы	ЖОО-ның маман даярлаудағы артықшылықтары мен жетістіктерін дәріптеу арқылы талапкерлерді тарту

	(Білім басқармасының, мектеп, гимназия, лицей, колледж басшыларының) « Орта білімнен жоғары білімге ашық жол » атты конференция ұйымдастыру.			
9	ОҚМПУ бітіруші түлектер Қауымдастығының (Ассоциациясы) конференциясын өткізу; Қауымдастық төрағасын сайлау, алқа құрамын бекіту	Желтоқсан, 2020	Орталық басшысы, мамандар	Конференция
10	2019-2020 оқу жылындағы бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі жөнінде есеп беру және 2020-2021 оқу жылында бітіруші түлектер үшін Қазақстанның барлық аймақтарына жұмыспен қамту мәселесі бойынша (облыстарға, қалаларға) ресми сұраныстар жолдау.	Ақпан 2020 ж.	Орталық басшысы	Есеп
11	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті дайындайтын 34 мамандық жайлы бұқаралық ақпарат құралдарына материалдар ұсыну.	Жыл бойы	Баспасөз хатшысы, орталық басшысы, факультет декандары, кафедра менеджерілері, ПОҚ	
12	«Талапкер - 2021» буклеттері мен жарнамалық тарату материалдарын баспаға ұсыну.	Қазан-қараша, наурыз-сәуір	Орталық басшысы	Жарнамалық материалдар
13	Шымкент қаласы және Түркістан облысының жалпы орта білім беру мекемелері мен колледждерінің бітірушілеріне таңдаған мамандығы бойынша «Ашық есік-2021» күнін ұйымдастыру.	Қараша, сәуір	Орталық басшысы, факультет декандары, кафедра менеджерілері	Талапкерлерді университет құндылықтарымен таныстыру арқылы ЖОО-н таңдау туралы бағыт-бағдар беру
14	«ОҚМПУ бітіруші түлектерінің қауымдастығы» қызметін жандандыру мақсатында « Ұстаздарға құрмет ұлы бастама » атты тақырыпта басқосу-конференция өткізу.	Сәуір, 2021 ж.	Орталық басшысы, Кафедра менеджерілері	«ОҚМПУ бітіруші түлектерінің қауымдастығы» қызметін университеттің мүддесіне бағыттау

15	«2020-2021 оқу жылында бітіруші түлектер үшін «БАС ОРЫН ЖӘРМЕҢКЕСІН» өткізу	Мамыр 2021 ж.	Орталық басшысы, Факультет декандары кафедра менгерушілері	Түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету
16	ОҚМПУ-дың 85 жылдық мерейтойын ұйымдастыру мақсатында түлектермен кездесу	Мамыр, 2021	Орталық басшысы	Кездесу
17	Кәсіптік бағдар және мансап орталығының жылдық есебін дайындау	Маусым, 2021	Орталық басшысы, мамандар	Есеп

1. Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар.

Кәсіби бағдар және мансап орталығы кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру және түлектерді жұмыспен қамтуды жүйелі жолға қою мақсатында Шымкент қалалық Білім басқармасының және Түркістан облысындағы, Шымкент қаласындағы Білім беру мекемелерінің басшыларының қатысуымен 2020 жылдың 23 қазанында «Орта білімнен жоғары білімге ашық жол» атты тақырыпта онлайн-конференция өткізді. Конференция нәтижесі бойынша Шымкент қаласы Білім басқармасының басшысы Ж.А.Тәжиева ұсыныстарын және білім беру мекемелерінің (мектеп, колледж) басшылары тарапынан түскен өтініштер мен ұсыныстар қабылданып, университет пен Білім басқармасы және білім беру мекемелерінің арасында тығыз байланыс орнатылды. Конференцияның нәтижесі ОҚМПУ сайтына, Фейсбук әлеуметтік желіге жарияланды. Әлеуметтік желіде конференция тақырыбының, ондағы көтерілген мәселелердің маңыздылығы туралы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Мұхтар Төлеген, Абай атындағы ҚазҰПУ оқу ісі жөніндегі проректоры Асан Сәтмұрзаев, факультет декандары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессорлары, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ПОҚ-мы он пікірлер жазып, бөлісті.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ресми сайты, сонымен қатар, университеттің барлық факультеттері мен кафедраларында, бөлімдерінде ашылған әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook) ресми парақшалар кәсіптік бағдар беру бойынша атқарылған жұмыстардан хабардар ету бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Атқарылған іс-шаралар	Өткізілген уақыты	Іс-шара түрі
ОҚМПУ мен Абай атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік педагогикалық университеті арасында Кәсіби бағдар беру, бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуын (орналасуын) қамтамасыз ету және бітіруші түлектер ассоциациясы қызыметін үйлестіру мақсатында өзара тәжірибе алмасу бойынша ынтымақтастық меморандумы	9 қазан 2020 жыл	Меморандум
Қазақстан Республикасы Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті	23 қазан 2020 жыл	Меморандум

мен Шымкент қаласы №129 жалпы орта білім беретін мектебі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум		
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бастамасымен Шымкент қаласы білім басқармасының, қалалық және аудандық білім беру мекемелері басшыларының қатысуымен өткен «Орта білімнен жоғары білімге ашық жол / Открытая дорога от среднего к высшему образованию» атты тақырыпта өткізілген онлайн-конференция	28 қазан 2020 жыл	Google Meet-те онлайн-конференция
ОҚМПУ мен «Түркістан жоғары көпсалалы, кол өнер колледжі» МКҚК арасында Жоғарғы және кәсіптік білім, оқу-әдістемелік ғылыми зерттеу мен рухани тәрбие аясындағы жұмыстарының нәтижелерін арттыру, бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуын (орналасуын) қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық меморандумы	30 қазан 2020 жыл	Меморандум
«Адалдық алаңы», «Саналы ұрпақ» мемлекеттік бағдарламалары аясында «Адалдық ардың ісі» тақырыбында дәріс	4-13 қараша 2020 жыл	№7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейі, «А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп – гимназия» КММ, №2 «Дарын» мектеп-интернат, Хамза атындағы №53 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, №54 жалпы орта білім беретін мектебі, №55 ЖОББМКММ, №60 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі, Шымкент қаласы білім басқармасының «Саз колледжі», Шымкент жоғарғы педагогикалық колледжі МКҚК, Шымкент жоғарғы педагогикалық колледжі, Шымкент көпсалалы колледжі, «Шымкент медресе колледжі, Шымкент мамандандырылған колледжі, «Техникалық колледжі», Мирас колледжі
Шымкент қаласы Дарын орталығы мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық	1 ақпан 2021 жыл	Меморандум

университетінің арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум.		
Мектеп бітіруші түлектерге ОКМПУ-да дайындалатын білім беру бағдарламаларын таныстыруға арналған Тарих және педагогика факультетінің Ашық есік күні	11 ақпан 2021 жыл	ZOOM платформасы (Қатысушылар: мектеп директорлары, сынып жетекшілері мен оқушылар)
Тарих және педагогика факультеті, педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен кәсіби бағдар жүргізу мақсатында оқу орнында дайындалатын білім беру бағдарламаларын, оқу орнының базасын жан-жақты таныстыру мақсатында Ашық есік күні	15 ақпан 2021 жыл	Офлайн форматта (Қатысушылар: мектеп директорлары, сынып жетекшілері мен оқушылар)
Тарих және педагогика факультеті, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен ашық есік күні	16 ақпан 2021 жыл	Офлайн форматта (Қатысушылар: мектеп директорлары, сынып жетекшілері мен оқушылар)
Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті арасындағы өзара әрекеттесу туралы ынтымақтастық меморандумы.	10 наурыз 2021 жыл	Меморандум
Шымкент қаласы білім басқармасының «Білім-инновация» ер балаларға арналған №1 лицей-интернаты КММ және «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арасындағы өзара әрекеттесу туралы ынтымақтастық меморандумы.	29 наурыз 2021 жыл	Меморандум

2020-2021 оқу жылында бітіруші талапкерлерді тарту мақсатында 2020 жылдың қазан айынан бастап кәсіби-бағдар беру жұмыстарының жоспары жасалып, іске қосылды. Университеттегі барлық ПОҚ бітіруші сынып оқушыларымен **ZOOM платформасы** арқылы жоспарға сай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізілді.

ZOOM платформасы арқылы факультеттерде «**Ашық есік**» күндері өтті.

№	Факультеттер	Мерзімі	Жауапты	Қатысқан мектептер саны	Қатысқан мектеп бітірушілер саны
1	Жаратылыстану	15.03.2021 zoom	Сауленбаев Алтынбай Тагабаевич	12	86
2	Физика-математика	18.03.2021 ж zoom	Тұрабай Нұрсұлтан Әлназарұлы Ибашова Альмира Байдабековна Сейсенбек Мархабат Әділжанқызы	20	100-ден астам
3	Филология	26.02.2021ж. zoom	Нурпеисов Нариман Жумашевич Пулатова Мадина Камиджановна	30	100
4	Өнер және білім	25.02.2021ж. zoom	Байбатшаева Айдайкыз Мусакулов Кусан Толендиевич	5 колледж 20 мектеп ауданнан 18 қаладан	90 оқушы 35 студент
5	Дене шынықтыру және спорт	27.03.2021 ж. zoom	Тұрысқұлов Өмірәлі Жусипович Жұмабаев Арман Базарбаевич	8	
6	Тарих және педагогика	11.02.2021ж. zoom	Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы Дүйсенбаев Марат Жарылқапович	13	255 75-ОҚМПУ- ды тандап отыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылы «Тамыз конференциясында» берген тапсырмаларына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Оқушының мамандықты айқындау профилизациясы» жоспарына сәйкес, 2021-2022 оқу жылына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті дайындайтын мамандықтардың контингентін қалыптастыру мақсатында таратпа материалдар (афиша, нұсқаулық журнал, екі тілде буклеттер) баспадан шығарылып, факультеттерге, кафедраларға таратылып берілді.

Тиісті материалдардың (нұсқаулық журнал, афиша, видеоролик) электронды нұсқаларымен Кәсіби бағдар және мансап орталығы қамтамасыз етіп отырды.

Кәсіптік бағдар және мансап орталығының Facebook, Instagram ресми парақшалары және Telegram каналдары ашылып, кәсіптік бағдар беру бойынша атқарылған жұмыстардан хабардар ету бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша факультеттерге тоқталып өтсек:

Физика-математика факультеті: «Физика-математика» факультетіне Ордабасы, Бәйдібек, Арыс, Кентау аумағындағы аудандардағы және Шымкент қаласындағы мектептер мен колледждер бөлінген. Жалпы саны: 133 мектеп пен 6 колледж. Жалпы 22 мектепке онлайн, офлайн форматта кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді.

2021 жылдың 18 наурызында мектеп бітіруші түлектерге ОҚМПУ-да дайындалатын білім беру бағдарламаларын таныстыруға арналған Физика-математика факультетінің ұйымдастыруымен онлайн «Ашық есік» күні өткізілді. Шымкент қаласының бірқатар №120,66,53,5,113,31,16,19,69,77,78,39,116,40,82,85 мектептерінің және Түлкібас, Арыс, Ордабасы аудандарындағы 100 ден аса мектеп бітіруші түлектері мен ата-аналары, мектеп басшылары қатысты.

«Ontustik» телеарнасы «Өркениет. 10-хабар (07.12.2020 ж.), Казахстанская правда «С роботехникой на ты» (14.04.2021ж), Ontustik Qazaqstan «Гибратка толы ғұмыр» (№69-69 сенбі 29.05.2021 ж) ақпарат құралдарына жарияланды.

Тарих және педагогика факультеті: Төлеби (59), Сайрам (72), Түлкібас (50) аудандары және Шымкент қаласы бойынша (20) мектептер, колледж (6) бөлінген. 134-мектепке үгіт-насихат жүргізілді. 2773- бітіруші түлектер ОҚМПУ жайлы барлық ақпаратпен танысып, 1063 оқушы ОҚМПУ-ды таңдап отыр. Төмендегі ақпарат құралдарына мақалалар жарияланды.

- 1.«Студент ең мәртебелі тұлға» атты мақала Оңтүстік Қазақстан гәетінде жарияланды. (24.11.20ж.)
2. «Мұғалім кел мамандық» атты мақала Дөңгелек дүние гәетінде жарияланды. (17.03.21ж.)
3. «Әлеуметтік педагог маманы –заман талабы!» Шымкент келбеті газеті Желтоқсан, 2020 ж. Ортаева А.,А.Тоқтасынова 4. «Ұстаздық - ғасырлар тоғысындағы ұлы мамандық!» ОҚМПУ сайты Арзымбетова Ш.Ж. (имиджлік мақала) Қазан, 2020 ж. Педагогика
5. «Шымкент өркениеттер тоғысында» Ардагерлер тынысы журналы №11 қараша 2020ж
6. «Независимость – это неприкосновенность границ» Панорама Шымкент №98
7. Олжас философиясы Айғақ газеті 15.05.21, 23.12.20 ж.
- 8.«Түлектерді жұмыспен қамтудың жаңа тәсілі» Айқын ақпарат Сәуір 3, 2021 ж.
9. «ОҚМПУ- жаңа форматтағы білім ордасы» Ленгер жаршысы №16 (821) 16 сәуір 2021 ж
- 10.Ұстаз ұлағатты болса оның асыл қасиеттері Шәкірт зердесінде мәңгі қалып қояды. Сманов І.С.
- 11.Өнерге деген іңкәрлік Сманов І.С. Бұқаралық ақпарат құралдарында Тарих және педагогика факультеті кафедраларының жарияланымдар жарық көрді.

Өнер және білім факультеті: Сарыағаш және Келес аудандарындағы және Шымкент қаласына кәсіби бағдар беру бойынша 133 мектеп пен 5 колледжге жауапты оқытушы-профессорларға бекітіліп беріліп, бітірушілерге үгіт-насихат жұмыстары бойынша іс-шаралар өткізілді. А. Асқаров атындағы үш тілде оқытатын №77 мектеп-гимназиясы, №80 мектеп-гимназиясы, №66 жалпы орта білім беретін мектеп, Қастеев атындағы колледж ,№3 колледж, №75 ЖОМ, №66 ЖОМ үгіт-насихат жүргізілді.

ОҚМПУ ғимаратында ЖОМ арасында ОБЛЫСТЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ өтті, Байбатырова У.А. ,Сырайлова Р.Т. және Байгонова А.С. барып кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді.Онда университет арасындағы мамандықтар және өз мамандығы «Музыкалық білім» мамандығын кеңінен таныстырып өтті.

«Өнер және білім Факультеті» деканы А. Байбатшаеваның ұйымдастыруымен «Мамандықты таңдай білейік» атты кәсіби бағдар беруде ауқымды жұмысы өз деңгейінде өтті. 2020 жылдың 7 желтоқсанында «Ontustik» телеарнасының «Өркениет. 10-хабар» сайтында факультеті деканы А.Е. Байбатшаева, «Музыкалық білім» кафедрасының меңгерушісі А. Досмағанбетованың сұхбаты жарияланды.

Жаратылыстану факультеті: Жаратылыстану факультеті қорытындылай келе Түркістан облысы, Түркістан қаласы 18 мектеп 3 колледж , Кентау қаласы 8 мектеп, Созақ ауданы 6 мектеп, Сарыағаш,Қазығұрт, Келес аудандық білім бөлімі және Сарыағаш ауданы бойынша 9 мектепке үгіт насихат жүргізді. Шымкент қаласы бойынша 11 мектеп- лицей және 2 колледжге үгін насихат жүргізілді.

Жарнамалық мақсатта түрлі газеттерге мақалалар жарияланды, сондай-ақ әлеуметтік желілер инстаграм, фейзбук парақшаларында видеороликтермен афиша, буклет және студенттер оқу процесінен, студенттер өмірінен мақалалар мен суреттер жарияланды.

1. Облыстық «Әділет» газетінде «ОҚМПУ қашықтықтан оқытуды қалай жүргізуде».
2. Облыстық «Қызмет» газетінде «Қашықтықтан оқыту: іс-тәжірибе».
3. «Құқықтық Қазақстан» газетіне «БІЛІКТІ МАМАН БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ» Тақырыбында мақала жарияланды.

Филология факультеті: Филология факультетіндегі 4 кафедраға Отырар ауданы 40 мектебі, Шардара аудандарының 33 мектебі, Шымкент қаласының 22 мектебі мен арнаулы оқу орындары, 4 колледждер бөлінді. Аудан бойынша 37, Шымкент қаласы бойынша 22 мектепке үгіт-насихат жүргізілді. 212 бітіруші ОҚМПУ-ды таңдауға ниет білдірді. Кафедраның ОПҚ өздеріне бекітілген мектептерімен байланысқа шығып, бітіруші түлектермен кездесіп, университетіміздің қысқаша тарихы мен қазіргі жағдайы туралы ақпарат берілді, университетіміз дайындайтын мамандықтар туралы буклет қағаздар таратылды. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты студенттермен байланыс орнату және кәсіби бағдар беру мақсатында кафедралық okmu_engdepartment, okmu_russian, okmu_philology инстаграм, Фейсбук, Телеграмм парақшасы іске қосылған. Аталған парақшаға Талапкер – 2021 арналған мамандық туралы слайдтар мен видеороликтер, қазіргі таңда студенттермен қашықтықтан жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәліметтер жарияланған.

Дене шынықтыру және спорт: Дене шынықтыру және спорт факультеті Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының 17 мектеп, Шымкент қаласында 20 мектеп және 3 колледжде үгіт насихат жүргізді.

Жарнамалық мақсатта әлеуметтік желілер инстаграм, фейзбук парақшаларында видеороликтермен афиша, буклет және студенттер оқу процесінен, студенттер өмірінен мақалалар мен суреттер жарияланды. «Ашық есік» күні іс-шарасы онлайн zoom платформасында өтті. Факультетке бөлінген мектептер қатысып, бітіруші түлектер қажетті ақпарат ала алды.

2. Түлектерді жұмыспен қамту бойынша атқарылған жұмыстар

2020-2021 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Кәсіптік бағдар және мансап орталығы бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатындағы жұмыстарды белсенді түрде жүзеге асырды.

№	Атқарылған жұмыстар	Мерзімі	Нәтижесі
1	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бірлескен ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.	9 қазан 2020 жыл	Түлектерді республика аумағында жұмыспен қамту мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесе жасалған «Mansar» мобильді қосымшасына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің түлектері тіркеліп, бос жұмыс орындарының ауқымды базасына қолжетімділікке ие болды.
2	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Г.Д. Сүгірбаеваның бастамасы негізінде, пандемия жағдайында жұмыспен қамту	19 ақпан 2021 жыл	Бітірушілерді онлайн түрде жұмыспен қамтуға мүмкіндік ашылды. «HR-Process» білім саласының кадрларын іріктеудің автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі

	мүмкіндіктерін арттыру, процессті оңтайландыру мақсатында, Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Тараз қаласында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде, Қызылорда қаласында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «HR-Process» білім саласының кадрларын іріктеудің автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін тиімді пайдалану арқылы бітіруші түлектерді жұмыспен қамтудың жаңа форматы талқыланып, үшжақты ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.	22 ақпан 2021 жыл 23 ақпан 2021 жыл	қолданысқа енгізіліп, 2021 жылғы бітіруші түлектер аталмыш платформаға толық тіркеліп, бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды алып, жұмыс берушілермен байланыс орнатуда.
3	ОҚМПУ факультеттерінің ұйымдастыруымен, ОҚМПУ Кәсіптік бағдар және мансап орталығының қатысуымен, мемлекеттік грант пен ауыл квотасы негізінде білім алған түлектерді жұмысқа орналастыру тәртібі бойынша ZOOM платформасы арқылы онлайн түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	Наурыз Сәуір 2021 жыл	ZOOM платформасында өткен түсіндірме жұмыстарына 2021 жылы оқу орнын бітіруші түлектер түгелдей қатысып, жұмысқа орналасу процесін «ҚР Білім туралы» Заңында белгіленген ережелерге сай жүзеге асыру бойынша құнды мәліметтер алды.
4	ОҚМПУ Кәсіптік бағдар және мансап орталығының ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қаржы орталығы» АҚ ресми өкілдерінің қатысуымен, мемлекеттік грант пен ауыл квотасы негізінде білім алған түлектерді жұмысқа орналастыру тәртібі бойынша университеттің Instagram желісіндегі ресми парақшасының тікелей эфирінде онлайн сұхбат түріндегі түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	20 мамыр 2021 жыл	Тікелей эфирде өткен түсіндірме жұмыстарына 2021 жылы оқу орнын бітіруші түлектер түгелдей қатысып, жұмысқа орналасу процесін «ҚР Білім туралы» Заңында, оған қоса, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №390 Қаулысында және қосымша 2021 жылғы 8 қаңтардағы №410-VI Заңында белгіленген ережелерге сай жүзеге асыру бойынша құнды мәліметтер алды.
5	«Түлектердің жұмыспен қамтылуы – жоғары оқу орнының сапалық көрсеткіші» атты жұмыс берушілер форумын өткізуге дайындық жұмыстары аясында ҚР барлық облыстық Білім басқармаларына, қалалық білім бөлімдеріне, Жұмыспен қамту орталықтарына бірлесе жұмыс жасау жөнінде ресми хаттар жолданды.	Мамыр 2021 жыл	Хат жолданған мекемелер ішінде бүгінгі күнге дейін 6 Білім басқармалары мен Білім бөлімдерінен, 6 Жұмыспен қамту орталығынан бірлесе жұмыс жасауға мүдделі екендігі туралы жауап хаттар келіп түсті. Олар университет түлектеріне қалалық жерлерден 573, ауылдық жерлерден 1328, жалпы саны 1901 бос жұмыс орындарын ұсынды.
6	ҚР Білім басқармаларының, білім бөлімдерінің басшылары мен ҚР бойынша Жұмыспен қамту	3 маусым 2021 жыл	Нәтижесінде республика аумағы бойынша потенциалды жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастық нығайтып,

	орталықтары директорларының қатысуымен «Түлектердің жұмыспен қамтылуы – жоғары оқу орнының сапалық көрсеткіші» атты жұмыс берушілер форумын өткізді.		университет түлектеріне қызығушылық артып, түлектерді жұмыспен қамту деңгейі біршама жоғарылады.
7	2021 жылғы бітіруші түлектерді жұмыспен толыққанды қамту, олардың маман болып өзіндік мансабын қалыптастыруына қолдау көрсету мақсатында жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу комиссиясын құру жұмыстарын жүргізіп, жаңа комиссия құрамын бекітті.	Мамыр Маусым 2021 жыл	Жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу комиссиясы университеттің 2021 жылғы бітіруші түлектерін жұмыс берушілерден алынған сұраныс хаттар негізінде жұмыс орындарына жолдама арқылы бағыттап, бөлістірді.
8	Түлектерді/жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу бойынша комиссияның жұмысы барысында жұмыспен қамтылмаған студенттерге университеттің барлық факультеттері көлемінде қосымша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оларды Қазақстан аймақтарына жұмысқа бөлу мәселесі қарастырылды.	Маусым 2021 жыл	Бітіруші түлектер мемлекеттік білім тапсырысы негізіндегі мерзімдік міндетін өтеу бойынша қосымша ақпарат алып, болашақта жасайтын таңдауларын айқындады. Түсіндірме жұмыстарының видеожазбасы сақталып, жалпы есебі жасалды.
9	Түлектерді/жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу бойынша университет жанынан құрылған комиссия өз жұмысын аяқтады.	Маусым 2021 жыл	Түлектерді/жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу бойынша комиссия 2021 жылғы бітіруші түлектерді жұмыс орындарына бөліп, міндеттемеден босатылатын категорияға жататын студенттерді заң талаптары негізінде босатып, жұмыс берушілер тарапынан сұраныс болмаған студенттерді тұрақты тұрғылықты жері бойынша қалалық және аудандық Жұмыспен қамту орталықтарына жолдады.

Енді осы және өзге де атқарылған жұмыстар жөнінде толығырақ тоқталатын болсақ.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде университет ректоры Г.Д. Сүгірбаеваның бұйрығымен бекітілген кесте бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы (грант) негізінде және ауыл квотасы бойынша білім алып, 2021 жылы бітіретін түлектерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №390 қаулысының талаптары және аталмыш Қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 қаңтардағы №410-VI Заңының талаптары бойынша (ZOOM платформасы арқылы) түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Факультеттер бойынша білім алушы түлектердің жиналысқа қатысу деңгейі туралы ақпарат төмендегі кестеде:

№	Факультет атауы	Өткізілген күні	Мемлекеттік грант бойынша білім алушылардың жалпы саны	Оның ішінде қатысқан-дары	%-дық көрсеткіш бойынша
1	Өнер және білім факультеті	19.03.2021 ж.	28	28	100%
2	Дене шынықтыру және спорт факультеті	25.03.2021 ж.	29	29	100%
3	Физика-математика факультеті	29.03.2021 ж.	129	123	95%
4	Филология факультеті	30.03.2021 ж.	55	53	96%
5	Жаратылыстану факультеті	02.04.2021 ж.	89	85	96%
6	Тарих және педагогика факультеті	07.04.2021 ж.	103	101	98%

Жалпы университет бойынша түсіндірме жұмыстарымен қамтылған түлектердің үлесі 97%-ды құрады

«Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №390 қаулысының талаптарына және аталмыш Қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 қаңтардағы №410-VI Заңының ережелеріне сәйкес, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде білім алып, 2021 жылы оқу орнын бітіретін түлектерді (жас мамандарды) жұмысқа дербес бөлу бойынша комиссияның отырысын өткізу кестесі:

№	Факультеттер	Жауапты тұлғалар	Өткізу форматы	Өткізу күні, уақыты
1	Өнер және білім факультеті	А.Е. Байбатшасва	ZOOM платформасы	17.06.2021 ж. сағ. 16:00
2	Дене шынықтыру және спорт факультеті	У.Ж. Турыскулов	ZOOM платформасы	17.06.2021 ж. сағ. 12:00
3	Физика-математика факультеті	А.Б. Ибашова	ZOOM платформасы	17.06.2021 ж. сағ. 15:00
4	Филология факультеті	Н.Ж. Нурисов	ZOOM платформасы	18.06.2021 ж. сағ. 15:00

5	Жаратылыстану факультеті	А.Т. Саулембаев	ZOOM платформасы	16.06.2021 ж. сағ. 11:00-12:00
6	Тарих және педагогика факультеті	Э.Б. Оразбаева	ZOOM платформасы	17.06.2021 ж. сағ. 10:00-11:00
7	Кешкі және қашықтықтан білім беру бөлімі	Г.Т. Жусипова	ZOOM платформасы	17.06.2021 ж. сағ. 17:00
8	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі	Қ.С. Мамасев	ZOOM платформасы	18.06.2021 ж. сағ. 11:00

28.06.2021 ж. күнге ағымдық мәлімет бойынша, 2020-2021 оқу жылында оқу орны дайындайтын 29 педагогикалық және өзге бағыттағы 4 мамандық бойынша 904 студент бітіреді. Оның ішінде 758 студент күндізгі бөлімде, 13 студент күндізгі қысқартылған бөлімде, 108 студент кешкі бөлімде, 25 студент қашықтықтан оқыту бойынша білім алады.

Мәлімет бойынша 904 студенттің ішінде 830 бітіруші түлектен жұмысқа орналасатындығы туралы сұраныс хаттар мен балалы және аяғы ауыр екендігі жайлы анықтама тіркелді, ол жалпы 92%-ды құрап отыр.

№	Факультет атауы	Жалпы бітіруші саны	Сұраныс хат және анықтама әкелгендер	Сұраныс хат және анықтама әкелмегендер	Жұмыспен қамтылу деңгейі, %	Әкелмегендер %
1	Тарих және педагогика	194	186	8	96%	4%
2	Дене шынықтыру және спорт	42	39	3	93%	7%
3	Өнер және білім	32	32	-	100%	0%
4	Физика-математика	145	123	22	85%	15%
5	Жаратылыстану	171	151	20	88%	12%
6	Филология	187	183	4	98%	2%
7	Кешкі оқу	108	91	17	84%	16%
8	Қашықтықтан оқыту	25	25	-	100%	-
Жалпы		904	830	74	92%	8%

Факультетке қарасты мамандықтарды жекелеп айтар болсақ:

Тарих және педагогика факультеті бойынша

№	Мамандық атауы	Жалпы саны	Гр	Кш	Сұраныс хат, анықтама әкелгендер		Жүкті/аяғы ауыр	Жалпы	%-дық көрсеткіш
					гр	кш			
1	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	21	20	1	15	1	5	21	100%
2	Бастауышта оқыту пед. мен әдістемесі	38	9	29	5	20	13	38	100%
3	Педагогика және психология	24	9	15	7	13	4	24	100%
4	Дефектология	57	26	31	14	26	16	56	98%
5	Тарих	14	10	4	6	3	0	9	64%
6	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	18	17	1	17	1	-	18	100%
7	Тарих-Дінтану	23	20	3	17	3	-	20	87%
ЖАЛПЫ		194	111	83	81	67	38	186	96%

Дене шынықтыру және спорт факультеті

№	Мамандық атауы	Жалпы саны	Гр	Кш	Сұраныс хат, анықтама әкелгендер		Жүкті/аяғы ауыр	Жалпы	%-дық көрсеткіш
					Гр	кш			
1	Бастапқы әскери дайындық	11	5	6	2	6	-	8	73%
2	Дене шынықтыру және спорт	31	23	8	23	8	-	31	100%
ЖАЛПЫ		42	28	14	25	14	-	39	93%

Өнер және білім факультеті бойынша

№	Мамандық атауы	Жалпы саны	Гр	Кш	Сұраныс хат, анықтама әкелгендер		Жүкті/аяғы ауыр	Жалпы	% -дық көрсеткіш
					Гр	кш			
1	Музыкалық білім	4	4	-	3	-	1	4	100%
2	Бейнелеу өнері және сызу	2	2	-	1	-	1	2	100%
3	Кәсіптік оқыту	25	23	2	19	2	4	25	100%
4	Дизайн	1	-	1	-	1	-	1	100%
ЖАЛПЫ		32	29	3	23	3	6	32	100%

Физика-математика факультеті бойынша

№	Мамандық атауы	Жалпы саны	Гр	Кш	Сұраныс хат, анықтама әкелгендер		Жүкті/аяғы ауыр	жалпы	% -дық көрсеткіш
					гр	кш			
1	Математика	15	13	2	10	2	-	12	80%
2	Физика	28	27	1	20	1	1	22	79%
3	Информатика	27	27	-	16	-	9	25	93%
4	Математика-Физика	38	28	10	23	10	-	33	87%
5	Математика-Информатика	27	24	3	10	2	10	22	81%
6	Физика-Информатика	11	8	3	6	3	-	9	82%
ЖАЛПЫ		145	127	19	85	18	20	123	85%

Жаратылыстану факультеті бойынша

№	Мамандық атауы	Жалпы саны	Гр	КШ	Сұраныс хат, анықтама әкелгендер		Жүкті/аяғы ауыр	Жалпы	%-дық көрсеткіш
					ГР	КШ			
1	Химия	30	26	4	7	4	13	24	80%
2	Биология	54	37	17	19	15	13	47	87%
3	Құқық және экономика негіздері	2	-	2	-	2	-	2	100%
4	География	9	-	9	-	9	-	9	100%
5	Химия-Биология	51	14	37	8	36	4	48	94%
6	География-Тарих	14	10	4	5	4	1	10	71%
7	Биология (ғылыми)	11	2	9	2	8	1	11	100%
ЖАЛПЫ		171	89	82	41	78	32	151	88%

Филология факультеті бойынша

№	Мамандық атауы	Жалпы саны	Гр	Кш	Сұраныс хат, анықтама әкелгендер		Жүкті/аяғы ауыр	Жалпы	%-дық көрсеткіш
					гр	кш			
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	42	20	22	17	19	5	41	98%
2	Орыс тілі мен әдебиеті	14	5	9	3	6	5	14	100%
3	Шетел тілі: екі шетел тілі	101	17	84	15	74	11	100	99%
4	Қазақ тілінде оқытпайтын мек/ті қазақ тілі мен әд/ті	6	4	2	3	2	1	6	100%

5	Орыс тілінде оқытпайтын мек/ті орыс тілі мен әд/ті	11	6	5	4	5	2	11	100%
6	Филология	6	1	5	1	5	-	6	100%
7	Аударма ісі	7	-	7	-	5	1	6	86%
ЖАЛПЫ		187	53	134	43	115	25	183	98%

Өзін-өзі жұмыспен қамтымаған 74 бітірушіге (8%) бітіруші түлектерді/жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу бойынша комиссияның жұмысы нәтижесінде республиканың басқа аймақтарына жұмысқа жолдама берілді.

Тарих және педагогика факультеті – 8 (4%);

Дене шынықтыру және спорт факультеті – 3 (7%);

Физика-математика факультеті – 22 (15%);

Жаратылыстану факультеті – 20 (12%);

Филология факультеті – 4 (2%);

Кешкі оқу бөлімі – 17 (16%).

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі бойынша жұмыспен қамтылу деңгейі (2021 ж.)

№	Оқу түрі	Жалпы бітіруші саны	Сұраныс хат және анықтама әкелгендер	Сұраныс хат және анықтама әкелмегендер	Жұмыспен қамтылу деңгейі, %	Әкелмегендер %
1	Магистратура	157	157	-	100%	0%
2	Докторантура	9	9	-	100%	-

Сәйкес мерзім бойынша бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуының ағымдық деңгейі	
2020 ж.	2021 ж.
88%	92%
Осылайша, университетті бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуының сәйкес мерзімдегі ағымдық деңгейі 4%-ға жоғарылап отыр.	

Кәсіби бағдар және мансап орталығының 2020-2021 оқу жылындағы атқарған жұмысына SWOT-талдау

Күшті жақтары Орталық оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстары мен жұмыспен қамту мәселесі бойынша бірнеше қадам алға жылжыды. • Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша қамтылған субъектілердің саны артып, жұмыс ауқымы ұлғайды. • Бітірушілерді жұмыспен қамту бойынша ынтымақтастық жөніндегі бірқатар меморандумдарға қол қойылып, жұмыс берушілермен ынтымақтастық қарым-қатынастар жаңа белеске шықты. • Бітіруші түлектерді/жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу комиссиясының құрамы кеңейіп, бітірушілерді жұмысқа бөлу процесі жан-жақты, жүйелі түрде жүзеге асырылды.	Мүмкіндіктер • Бітірушілер «HR-Process» платформасы арқылы пандемия жағдайында виртуалды түрде бос жұмыс орындарын тауып, оларға өтініш беріп, қашықтықтан өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік алды. • Еліміздің барлық аймақтарынан жұмыс берушілер қатысқан 2021 жылғы Жұмыс берушілер форумы нәтижесінде университетпен бірлесе жұмыс жасайтын жұмыс берушілердің қатары артып, бітіруші түлектер жаңа еңбек нарықтарына шығуға мүмкіндік алды. • Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша ақпараттарды пандемия жағдайына байланысты әлеуметтік платформалар арқылы таратып, виртуалды түрде университетті таныту мүмкіндігі ашылды.
Әлсіз тұстары • Орталықтың маусымдық жұмыстарын жүзеге асыру мерзімін дұрыс жоспарлау қажеттілігі туындады. • Тайм-менеджмент процесі жетілдіруді қажет етеді.	Қауіп-қатерлер • Маусымдық жұмыстарды жүзеге асыру мерзімдерін реттеу шаралары іске асырылмаса, жоспарланған мақсаттарды уақытылы орындай алмау қауіпі туындайды. • Бітіруші түлектердің алдағы үш жыл бойы жұмыспен қамтылу жағдайына мониторинг жүргізу процесі дұрыс жүзеге асырылмаса, түпкі міндеттердің орындалмау қауіпі бар.

Ұсыныс:

1. ОҚМПУ студенттерінің контингентін жоғарылату мақсатында факультет декандары, кафедра меңгерушілері мен профессор-оқытушылардың кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу жүйесін жандандырылсын.
2. Кафедра меңгерушілеріне облыс көлемінде білім беру мекемелерімен байланысты нығайтып, практика базаларында ашылған кафедра филиалдарының жұмысын кәсіптік бағдар берумен байланыстыра отырып ұйымдастыруды қолға алынсын.
3. Білім беру бағдарламаларына сай мектеп оқушыларына таңдау мамандықтары бойынша кеңес беруді үздіксіз жүргізілсін.
4. Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту процесі факультет деңгейінде жандандырылып, жыл сайынғы атқарылатын жұмыстардың мерзімдік шектері ретке қойылсын.

Кәсіптік бағдар және мансап орталығының 17. 06. 2021 жылғы жылдық қорытынды есеп беру жиналысының хаттамасында қаралды.

**Кәсіптік бағдар және мансап
орталығының басшысы**



Ғ.Ш. Битұрсын